



№101 мектеп
– лицейі
Даукишева
Жазира
Ахмедиевна

Қазақ тілі

**Қыркүектің он жетісі.
Қазақ жазуының даму
жолдары.
Нәтиже сабақ.**

1-тапсырма. “Ой түрткі” әдісі

Сұрақтарға жауабыңды дәлелдеп жаз. 5 балл

- 1. Қазір біз қандай әліпбиді қолданып жүрміз?**
- 2. Елімізде алғашқы латын әліпбиі қашан құрастырылған?**
- 3. Біздің елімізде латын әліпбиіне көшу қашан басталды?**
- 4. Төте жазулардан бұрын қандай әліпбилерді қолдандық?**
- 5. Латын әліпбиін таңдауымыздың себебі не?**

Сөздік:

- мәлім — известно
- зиялылар- интеллигенция
- ағартушылар — просветители
- кемшіліктері — недостатки
- қызу талқыланды — горячо обсуждалось
- әліпби құрастырған — составитель алфавита
- лексикалық шұбарлықтан — лексической засоренности (рябости)
- тазартумен айналысып — занявшийся очищением (языка)
- қолайлы емес — непригодные (неудобные)
- білімпаздарының - ученых

Қазақ тілінің жетілуі заман талабаны сай өзгеріп отырғаны бізге мәлім. Тарихқа жүгінетін болсақ, қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап зиялылар, оның ішінде Ыбырай Алтынсарин тәрізді ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін толық бере алатын жаңа алфавит қабылдауды не осы жазуды жетілдіруді күн тәртібіне қоя бастады. Қазақ тіліне, нақтырақ айтқанда орфографиясына араб жазуының кемшіліктері байқала бастап, қазақ жазуын орыс (кириллица) графикасына көшіру идеясын қызу талқыланды

Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама. 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, сингармониялық ұлттық әліпби түзеді. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын таразылай отырып, 24 әріптен тұратын әліпби құрастырады. А.Байтұрсынов реформалаған қазақ графикасы ресми түрде 1924 жылы Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш құрылтайында қабылданады..



2 - тапсырма 5 балл

- Берілген ақпаратпен таныс (ознакомься с данным материалом)
- Сөздікті пайдаланып, мәтінді түсін (пользуясь словарем, переведи текст)
- Мәтінге ат қой (назови текст)
- Мәтін мазмұны бойынша диалог құрастыр (по содержанию текста составь диалог)



Дескриптор:

- Берілген сұрақтарды түсінеді
 - Сұрақтарға жауап бере алады
 - Мәтін мазмұнын түсінеді
 - Диалог құрай алады
 - Стильдік ерекшеліктерді сақтайды
 - Тыныс белгілерін дұрыс қояды
-